# *Қазақстанның резерваттары*

Орындаған:Көшербай Қ.
Экл15-1

# Жоспары

- 1.Мемлекеттік табиғи резерват
- 2.Ертіс орманы
- 3.Семей орманы
- 4.Ырғыз-Торғай орманы
- 5.Ақжайық орманы
- 6.Алтын дала орманы

# Мемлекеттік табиғи резерват

Мемлекеттік табиғи резерват — табиғи кешендердің биологиялық саналуандығын және олармен байланысты табиғи және тарихи-мәдени объектілерді күзетуге, қорғауға, қалпына келтіруге және сақтауға арналған жердегі және судағы экологиялық жүйелерді қамтитын табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

Қазақстанда қазіргі уақытта 5 резерват ұйымдастырылған.

Қазақстан Республикасының “Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы” Заңының (2006 ж.) 50-бабында мемлекеттік табиғи резерваттар табиғат қорғау және ғылыми мекемелер қатарына жататындығы және олар өз аумағындағы сулы алқаптардың және құрлықтағы экожүйелерді қорғау мақсатында ұйымдастырылатыны айрықша атап көрсетілген.


СОЛТҮСТІК ҚАЗ
ПАВЛОДАР
ҚОСТАНАЙ
АҚМОЛА
АСТАНА
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
АТЫРАУ
АҚТӨБЕ
ҚАРАҒАНДЫ
БАЙҚОҢЫР
МАҢҒЫСТАУ
ҚЫЗЫЛОРДА
АЛМАТЫ
ЖАМБЫЛ
АЛМАТЫ
ОҢТҮСТІК ҚАЗ

# Ертіс орманы

«Ертіс орманы» мемлекеттік орман табиғи қорының Бесқарағай бөлімі мемлекеттік мекемесі құрымдық бөлімшесі болып табылады, жеке құқығының мәртебесі жоқ. Бөлім территориясындағы ландшафты мен әр түрлі биологиялық байлықты сақтап және қалпына келтіру үшін, сондай –ақ табиғат байлықтарын тиянақты және үнемі пайдалану үшін құрылған. Бесқарағай бөлімі Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық Министрлігінің орман және аңшаруашылық ұйымның мекемелерге байланысты ережелеріне сәйкес 2003жылғы 28 ақпан күнгі 30 бұйрықтың негізінде құрылған. Бөлім мекемелердің жағдайы жөнінде орман және аң аулау шаруашылығымен Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық министрлігінің №30 28.02.2003 ж бұйрығымен құрылды. Оның ауданы 134,7 мың га.



Өсімдіктер дүниесі әр алуан. Онда мүіктің 61, қынаның 58, жоғары сатыдағы өсімдіктердің 1400 (дәрі-дәрмектік өсімдіктерден: қылша, сасыр, иманжапырақ, түйежапырақ, сарыағаш, шәйқурай, талас қорғасыны; техникалық өсімдіктерден: арша, рауғаш, таран; жеміс-жидектерден: жабайы алма, шетен, шие, қарақат, бүлдірген; жемшөптік өсімдіктерден: жоңышқа, кекіребас, бедебас, түлкіқұйрық, көде; эндемик өсімдіктерден: талас қайыңы, ақшыл сары жоңышқа, майысқыш қия, қаратамыр, томағашөп, қандыгүл; реликті өсімдіктерден: Минквиц кендіршесі, жалған масақша, Қаратау сетені) түрі бар.

Жануарлар әлемі.Бауырымен жорғалаушылардың 9 (алай жалаңкөзі, сары бауыр кесіртке, қалқантұмсықты қара шұбар жылан, сұржылан, т. б.), қосмекенділердің 2 (жасыл құрбақа және көлбақа) және өзендерінде балықтың 2 түрі тіршілік етеді. Омыртқасыз жәндіктердің де алуан түрлері бар.



# Семей орманы

Орналасқан жері:Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысы

Көлемі:662 167 га

Құрылған жылы:2003 жыл қаңтардың 22-сі

Уәкілетті орган:Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті



# Ырғыз-Торғай орманы

Ырғыз-Торғай резерваты - Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданында орналасқан мелекеттік резерват. “Ырғыз-Торғай” табиғи резерватын құрудағы негізгі мақсат — киік санын көбейту. Резерват ашылған кезде, яғни 2007 жылы осы аумақта 7 мыңға жуық киік болған. Қазіргі кезде 45 мың киік бар.

Резерват территориясы географиялық ерекшелігіне байланысты екі учаскеге бөлінген. Олар “Атан басы” және “Алакөл” жүйелері. “Атан басы” жүйесі тоғыз жолдың торабында орналасқан. Оңтүстігі Қызылорда, шығысы Қарағанды, солтүстігі Қостанай облыстарымен шектеседі.

Резерват шекарасына 7 шақырым сайын арнайы белгі қойылған. Онда ““Ырғыз-Торғай” мемлекеттік табиғи резерваты ерекше қорғалатын аймақ. Кіруге тыйым салынған” деп жазылған.

# Резерваттың географиялық орны




www.kazprime.com

# Ақжайық орманы

Географиялық жағдайы: Қазақстан, Атырау облысының Махамбет ауданы және Атырау қаласының жерлері.
Аймағы: 111500 га
Құрылуы: 2009 жылы 6 ақпанда
Басқарушы ұйым: Орман және аң аулау шаруашылығы комитеті

Сирек және жойылуға жақын өсімдіктер мен жануарлардың бағалы және эндемикалық түрлерін сақтау болып табылады. Баска жылдары Каспий теңізінің Қазақстандағы бөлігінде 20000-ға жуық аққу және 100000-ға жуық үйрек қыстайтын болған. Қазіргі кезде Жайық өзенінің атырауында құстың 70 түрі ұя салады.





# Алтын дала орманы

« Алтын дала» мемлекеттік табиғи резерваты - Қостанай облысының Амангелді және Жангелді аудандарының аумағында орналасқан резерват.2012 жылы 27 қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы №1496 қаулысымен жаңадан «Алтын дала» мемлекеттік табиғи резерваты ұйымдастырылды.«Алтын дала» мемлекеттік табиғи резерватының жер көлемі – 489 766 га алқапты қамтиды.Бұл табиғи резерват Қостанай облысының Амангелді және Жангелді аудандарының аумағында орналасқан далалы, шөлейтті, шөлді, шалғынды және сулы батпақты алқаптардың табиғи экожүйелері мен ландшафтылық ерекшеліктерін және еліміздегі ақбөкендердің бетпақдала популяциясын қорғауды көздейді.«Алтын дала» мемлекеттік табиғи резерватының аумағы 3 кластрлі телімге бөлінген:

Сарықопа – 52 115 га (Сарықопа көлдер жүйесі).

Тосынқұм – 95 881 га (Тосынқұм құмы, Торғай өзенінің сол жағалауы).

Ұлы Жыланшық – 341 670 га (шөлейттенген далалы алқап, Ұлы Жыланшық өзенінің).



***НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!***